

Реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) табиғи монополиялар салаларынан шығару тұрғысынан оларға кешенді талдау жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 75-Ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған Реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) табиғи монополиялар салаларынан шығару тұрғысынан оларға кешенді талдау жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Жоспардың орындалуына жауапты орталық атқарушы органдар:

1) Жоспарда көзделген іс-шаралардың тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін және оларды іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын;

2) жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігіне (Монополияға қарсы агенттік) Жоспардың іске асырылу барысы туралы а қ п а р а т б е р с і н .

3. Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі (Монополияға қарсы агенттік) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

2 9

м а м ы р д а ғ ы

№

7 5 - Ө

ө к і м і м е н

бекітілген

Реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) табиғи монополиялар салаларынан шығару тұрғысынан оларға кешенді талдау жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с №	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
	Концессия шарттары бойынша темір жол көлігі объектілерімен темір жолды			

1.	пайдалануға беру қызметтері нарығына талдау жүргізу	БҚА-ға ақпарат	ТМРА (жинақтау), ЭБЖМ, ККМ, БҚА, мүдделі мемлекеттік органдар	2014 жылғы III тоқсан
2.	Экспорт және транзит бағыттары бойынша магистральдық құбыржолдар жүйесі бойынша мұнайды айдау қызметтері нарығына талдау жүргізу	БҚА-ға ақпарат	ТМРА (жинақтау), ЭБЖМ, МГМ, БҚА, мүдделі мемлекеттік органдар	2014 жылғы III тоқсан
3.	Теңіз порты қызметтері нарығына талдау жүргізу	БҚА-ға ақпарат	ТМРА (жинақтау), ЭБЖМ, ККМ, БҚА, мүдделі мемлекеттік органдар	2014 жылғы IV тоқсан
4.	Қосылатын байланыс операторларымен телефон трафигін қосылатын IP-телефония (Интернет-телефония) операторларының жабдықтарынан (-на) (қолжетімділік тораптарынан) (-на) өткізу қызметтері нарығына талдау жүргізу	БҚА-ға ақпарат	БАА (жинақтау), ЭБЖМ, БҚА, мүдделі мемлекеттік органдар	2014 жылғы IV тоқсан
5.	Кірме жолдар қызметтері нарығына талдау жүргізу	БҚА-ға ақпарат	ТМРА (жинақтау), ЭБЖМ, ККМ, БҚА, мүдделі мемлекеттік органдар	2015 жылғы I тоқсан
6.	Өуежай қызметтері нарығына талдау жүргізу	БҚА-ға ақпарат	ТМРА (жинақтау), ЭБЖМ, ККМ, БҚА, мүдделі мемлекеттік органдар	2015 жылғы II тоқсан
7.	Қалаларалық деңгейде IP-телефония (Интернет-телефония) операторларының жабдықтарын (қолжетімділік тораптарын) жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желілеріне қосу қызметтері нарығына талдау жүргізу	БҚА-ға ақпарат	БАА (жинақтау), ЭБЖМ, БҚА, мүдделі мемлекеттік органдар	2015 жылғы III тоқсан
8.	Почта байланысының қолжетімді қызметтері нарығына талдау жүргізу	БҚА-ға ақпарат	БАА (жинақтау), ЭБЖМ, БҚА, мүдделі мемлекеттік органдар	2015 жылғы IV тоқсан

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:
ККМ – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі;
ЭБЖМ – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі;
БҚА – Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі (Монополияға қарсы агенттік);
ТМРА – Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі;
БАА – Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат агенттігі;
МГМ – Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі.